

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

### ҰЛАҒАТТЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА - ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ: ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАНЫҢ ШЫҢЫ

**Бақыт Ж.Ш.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кентбек С.Қ.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
bakytzhansaya@gmail.com  
Қарағанды қ.

Евней Арыстанұлы Бөкетов - қазақ халқының ХХ ғасырдағы көрнекті ғалымдарының бірі, химия ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. Оның өмір жолы - тек ғылыми жетістіктердің ғана емес, сонымен бірге ұлттық білім мен мәдениетті өркендету жолындағы қажырлы еңбектің үлгісі. Бөкетов есімі Қазақстанның аймақтық ғылыми және білім беру орталықтарының қалыптасуымен тығыз байланысты. Ол адамзат тарихындағы ең ірі жетістіктердің бірі ретінде, өз заманында ғылым мен ағартушылықтың өшпес таңбасын қойып кеткен, тарихи ескерткіші. Оның ғылымға деген адалдығы мен ұлтқа деген сүйіспеншілігі оны замандастары арасында ерекше құрметке бөлеген, ұлы көшбасшылардың санатындағы тұлға екендігі белгілі.

Евней Арыстанұлы Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының Бағанаты ауылында туды. Әкесінің денсаулығына байланысты тоғызыншы сыныпты бітіргеннен соң оқуын тоқтатып, жұмысқа шығуға мәжбүр болды. Тек 1945 жылы ғана 20 жасында ол кәметтік аттестат алу үшін экстернат түрінде емтихан тапсыруға мүмкіндік алып, Қазақ кен-металлургия институтының металлургия факультетіне түсіп, 1950 жылы аталған оқу орнын бітіріп шықты. Болашақ академиктің қызметтік және ғылыми мансабына қатысты қысқаша деректер: аспирантура, 1954 жылы кандидаттық диссертациясының қорғалуы, 1956 жылы доцент лауазымы, 1958 жылы оқу ісі жөніндегі проректор қызметі, ал 1960 жылы Қарағанды қаласындағы Қазақ КСР Ғылым академиясы Химия-металлургия институтының директоры қызметіне тағайындалу. Осы уақыттан Евней Арыстанұлы Бөкетовтің жеке ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі басталады деп айтуға болады. Евней Арыстанұлы Бөкетов - көрнекті ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор; белгілі жазушы, аудармашы, прозашы, әдебиет сыншысы, публицист; Қазақстандағы ғылым және жоғары білім беру ісінің дарынды ұйымдастырушысы. Евней Арыстанұлы Бөкетов ғалым, жазушы ретінде Сарыарқаның төсінде қалыптасты. [1, 133 б.]

Евней Бөкетовтің ғылыми жолының негізінде сирек және шашыраңқы элементтер химиясы, сондай-ақ гидрометаллургиялық процестердің теориясы мен технологиясы тұрды. Ғалымның басты мұраты - табиғи шикізат қорларын, әсіресе құрамдары күрделі әрі бұрын игерілмеген кендер мен өндіріс қалдықтарын толық әрі тиімді пайдалану екені айқын. Дегенмен де, Бөкетов ғылымға бет бұрған сәттен бастап Қазақстанның табиғи байлығын орнымен жұмсап, елдің экономикалық дербестігін күшейту идеясын ту еткендігі хақ. Шынында, оның зерттеулері ұлттық индустрияның жаңа дәуіріне жол ашқаны анық. Ғалым еңбектерінің өзекті тұғыры - ванадий, молибден және рений сынды аса құнды металдарды өндіру технологияларын жетілдіру болды. Бұл элементтердің қазіргі өндіріс пен техника үшін стратегиялық маңызы зор екендігі даусыз. Өз кезегінде, Бөкетов металлургиялық өндіріс қалдықтарынан, соның ішінде конвертерлік шлактардан ванадийді бөліп алудың жаңаша гидрометаллургиялық әдістерін ұсынды. Бұл тәсілдер құнды компоненттерді алу тиімділігін еселеп арттырып, өндірістің экономикалық көрсеткіштерін жақсартумен қатар, экологиялық жағынан да ұтымды шешімдер берді. Сондай-ақ ғалым автоклавтық сілтісіздендіру тәрізді заманауи технологияларды отандық өнеркәсіпке енгізудің теориялық негізін қалыптастырды. Бұл әдіс күрделі шикізатты жоғары температура мен қысымда өңдеу арқылы металдарды алу үдерісін едәуір жеделдетіп, дәстүрлі пирометаллургиялық тәсілдерге қарағанда әлдеқайда тиімді әрі экологиялық таза екендігін көрсетті. Бөкетовтің осы бағыттағы зерттеулерінің тереңдігі оның 1966 жылы қорғаған докторлық диссертациясында толық ашылған.

Евней Арыстанұлының ғылыми еңбектерінің практикалық маңызы зор болды, олар Қазақстанның түсті металлургия кәсіпорындарында сәтті қолданылып, республиканың өндірістік әлеуетін арттыруға тікелей ықпал етті. Оның ғылыми шешімдері республиканың индустриалды дамуында жаңа белес, жаңа жетістік болғаны анық. Оның 18 монографиясы мен оқулықтары бүгінгі

таңда да Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындарында негізгі оқу құралы ретінде қолданылады. Бұл - оның ғылыми мектебінің беріктігін және идеяларының өміршеңдігін көрсетеді.

Бөкетовтің ғылыми қызметі тек зерттеумен шектелмеді; ол үнемі ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізу мәселесімен айналысты. Ол инновациялық циклдің маңыздылығын - идеяның тууынан бастап, оның өндірістік масштабта жүзеге асуына дейінгі кезеңді - жақсы түсінді. Оның еңбектері үшін ғалымға бірқатар мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар берілді, бұл оның ғылыми қоғамдастық пен мемлекет тарапынан мойындалғанын көрсетеді. Ол өзінің шәкірттеріне де ғылым мен өндірістің байланысын терең түсінуді, тек теориялық біліммен шектелмей, оны іс жүзінде қолдануға үйретуді талап етті. Бұл қағидалар оның қалыптастырған ғылыми мектебінің табысты болуының негізгі кепілі болды. Бөкетовтің жетекшілігімен қорғалған көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар отандық өндірістің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Ол ғылыми зертханалар мен институттарды заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуге көп күш салды, себебі ол ғылымның дамуы үшін материалдық-техникалық базаның маңыздылығын терең түсінді.

Евней Бөкетовтің Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудағы еңбегі - оның ғылыми жетістіктерінен кем емес. Ол 1972 жылы Орталық Қазақстан аймағы үшін стратегиялық маңызы бар Қарағанды мемлекеттік университетін (ҚарМУ) ашуға және оған жетекшілік етуге тікелей атсалысты. Бұл университет өңірдегі жоғары білім мен ғылымды дамытуда шешуші рөл атқарды. ҚарМУ-дың тұңғыш ректоры ретінде Бөкетов оқу процесін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастыру қағидатын ұстанды. Ол ғылыми жаңалықтарды оқу бағдарламаларына енгізу арқылы, білім беру сапасын арттыруға және түлектердің өндіріске дайындығын күшейтуге ұмтылды. Ол тек оқу ғимараттарын салумен ғана емес, сонымен бірге оқу орнының ғылыми-педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударды. Ол профессор-оқытушылар құрамын іріктеуге үлкен жауапкершілікпен қарап, елдің жетекші ғылыми орталықтарынан білікті мамандарды Қарағандыға тартты. Бұл - университеттің тез арада жоғары деңгейге көтерілуінің кепілі болды. Ол ҚарМУ-да гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының дамуына бірдей көңіл бөлуді талап етті, өйткені ол жан-жақты білімді маман ғана елдің болашағын айқындай алатындығына кәміл сенді.

ҚарМУ-дың қысқа мерзімде жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналуы - Е.А. Бөкетовтің ұйымдастырушылық талантының және көрегендігінің айғағы. Ол білім беру саласындағы инновациялық тәсілдерді қолданып, оқу орындарының дербестігін арттыру қажеттігін дәріптеді. Бұл бастама Қазақстанның ішкі аймақтарында интеллектуалды және кадрлық әлеуеттің дамуына үлкен серпін берді. Ол аймақтың экономикалық және мәдени дамуына зор ықпал етті, жастардың өз елінде сапалы білім алуына кең мүмкіндіктер ашты. Бөкетовтың басшылығымен Қарағандыда ірі ғылыми-өндірістік кешен құрылды. Бұл кешенге университет, Қазақ КСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің ғылыми-зерттеу институттары және өндірістік кәсіпорындар енді. Ол "ғылым - білім - өндіріс" интеграциясы идеясын іс жүзінде жүзеге асырды. Ол Қазақстанның аймақтық ғылым орталықтарын нығайтудың үлгісін көрсетіп, оның тек Алматымен шектелмей, бүкіл республика аумағында дамуына негіз қалады. Бұл үлгі Қазақстанның басқа аймақтарындағы ғылыми-білім беру орталықтарын дамыту үшін де негіз болды. Осылайша, Евней Арыстанұлы Орталық Қазақстанды білім мен ғылымның қуатты ошағына айналдыруға тікелей үлес қосты. Оның бұл қызметі - мемлекеттің интеллектуалды әлеуетін арттырудағы маңызды қадам болды. Ол ректорлық қызметі барысында студенттердің әлеуметтік жағдайына да ерекше көңіл бөліп, жатақханалар салуға, спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға қолдау көрсетті.

Евней Бөкетов -гуманистік көзқарасы терең, жан-жақты тұлға екендігі хақ. Оның қызметінің үшінші маңызды бағыты - оның әдеби және қоғамдық-ағартушылық жұмыстары. Ол қазақ мәдениеті мен руханиятына үлкен құрметпен қарап, оны дамытуға үлес қосқаны ақиқат. Ол өзін тек химиямен шектемей, қазақтың бай рухани мұрасын жаңғыртушы ретінде де көрсетті. Оның қаламынан туған поэтикалық және прозалық шығармалар ("Қарашаш", "Із", "Шоқан туралы аңыз", "Алатаудың ақ иісі") қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырды. Евней Бөкетовтің ғылыми, әдеби еңбектері өзінің жарқыраған ұшқындарын алыс жағалауларға жарқырата бермек. Академик Бөкетовтің әдеби еңбектерінің жарқын ашып берген деу керек. Бұл шығармаларында ол кісі өзіне етене жақын талант қуатын, ішіндегі ең шоқтығы биігі - оның көркем-публицистикалық очерктері дер едім. Қазақтың ғылыми интеллигенциясының тар жол, тайғақ кешуі мен қиын ізденіс-толғаныстары арқылы бүгінгі ғылыми ой шырдарына өрлеу жолдарын баян етеді. Оның көпшілігі өз ойларымен, өз толғаныстарымен қабысып жататындығы, әрине, табиғи. Евекең очерктерінің негізгі кейіпкерлері аса көрнекті, жан-жақты дарынды ғалымдар (Сәтбаев, Шоқан Уәлиханов, Марғұлан, Обручев, Қарақұлов және т.б.). Ол кісінің құмарлана жазатын тұрақты кейіпкерлерінің кең алымды дүниетанымы, жан-жақты таланты, көзқарақтылар ізденістері, тұңғыық терең толғаныстары ерекше. Осы көркем очерктердің ішіндегі ең

кемел жазылғаны, меніңше, Шоқан жайлы еңбегі. Шоқанның ғалымдығымен қатар суретшілігі жайлы толғанғанда жазушы Бөкетовтің қаламы су төгілмес жорға. Очеркте Шоқан күнделіктерінен үзінділер келтіре отырып, Шоқанның жазушылық қабілетінің де керемет екендігін ең алғашқылардың бірі болып паш етеді. Мәселен, Шоқанның генерал Гасфорттың маңғаздау келбетін суреттеуі оның жазушылық дарынының таңғажайып бір дәлелі. Шоқан суреттерін саралай отырып, олардың сатиралық штрихтарын айнытпай тап басады. Шоқан салған Потанин суреттеріндегі мужиктің салбыраған мұрты мен соныркыраңқы түрі оның парасаттылығы мен білімдарлығының қарабайырлау көрінісін меңзегендей әсер қалдыратыны рас. Шоқан қаламы сызған сызықтардың соншама еркін, соншама сенімді қолмен сызылғаны - суретші талантының шексіз мүмкіншілігінің куәсі екендігінде күмән жоқ. Евекең жазбаларын оқып отырғанда оның Сәтбаев талантына шексіз табынатынына тәнті боласыз. Сәтбаевтың ұлан-ғайыр эрудициясы, жан-жақты білімдарлығына қайран қалады да отырады. Сәтбаев - ғалым, Сәтбаев - этнограф, Сәтбаев - тарихшы, археолог, Сәтбаев - фольклоршы, Сәтбаев - әнші... Қай салаға қалам тербесе де, Сәтбаев ең биік дәрежеде, қайталанбас еңбектер тудырған. Бөкетовтің Шоқан мен Сәтбаев өміріне көркемдік барлау жасауы бекерден-бекер емес, себебі оның өзі де осылар тектес адам еді, оның да жан дүниесі алуан түрлі қырларымен жарқылдап тұратын. [2, 92 б] Расында, Бөкетовтің Шоқан мен Сәтбаев өміріне көркемдік тұрғыдан үңілуі бекер емес. Өйткені, өзі де осындай тұлғаларға жақын, жан дүниесі сан алуан қырларымен жарқырап тұратын адам еді.

Ол өз кезегінде, ғылыми және әдеби шығармашылықты қатар алып жүре отырып, ғылым мен өнердің тоғысқан жеріндегі адамзаттық құндылықтарды дәріптеді. Оның әдеби шығармаларында туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық тарихқа деген құрмет және адамгершілік қасиеттер айқын көрініс тапты. Бөкетов ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуына ерекше мән беріп, қазақ тілінің ғылыми терминологиясын қалыптастыруға да атсалысты. Ол орыс және әлем әдебиетінен аудармалар жасау арқылы қазақ оқырмандарының рухани көкжиегін кеңейтуге тырысты. Оның аудармалары - оның филологиялық білімінің тереңдігін және мәдени көпір орнатуға деген ұмтылысын көрсетеді. Оның қоғамдық қызметі ағартушылық мұраттарға толы болды.

Бөкетовтің қоғамдық-саяси қызметі де үлкен ықпалға ие болды. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде халықтың әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған көптеген бастамалар көтерді. Ол өзінің жоғары лауазымды қызметтерін халыққа қызмет етудің құралы деп санады. Оның ұйымдастырушылық қабілеті, әділдікке деген ұмтылысы және ашықтығы оны халық арасында зор беделге ие етті. Евней Арыстанұлының өмірлік қағидасы - адалдық, еңбекқорлық және туған елге шексіз берілгендік - оны ұлттық деңгейдегі ұлағатты тұлғаға айналдырды. Ол халықтың рухани мұрасын сақтауды және оны жас ұрпаққа жеткізуді өзінің қасиетті борышы санады. Бұл - Евней Бөкетовтің тұлғалық биіктігін және оның ұлт алдындағы жауапкершілігін көрсетеді. Ол өзінің барлық ғұмырын қазақ ғылымы мен мәдениетінің көкжиегін кеңейтуге арнады. Оның жеке мұрағаты, еңбектері мен естеліктері бүгінгі таңда да зерттеушілер үшін құнды дереккөз болып табылады. Евней Бөкетовтің қызметі Қазақстанның ұлттық ғылымының қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келді. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясының жұмысын ұйымдастыруға, оның құрылымын жетілдіруге және ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға зор үлес қосты. Оның жұмыстарының арқасында химия және металлургия салаларындағы зерттеулердің деңгейі әлемдік стандарттарға жақындады. Ол Қазақстанның ғылыми жетістіктерін халықаралық аренада танытуға көп күш салды, түрлі халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға белсенді қатысты. Ғалымның ғылыми мектебінің ерекшелігі - іргелі ғылымды қолданбалы зерттеулермен тығыз байланыстыруы. Ол еліміздің минералдық-шикізат кешенінің мүдделеріне қызмет ететін, нақты экономикалық тиімділік әкелетін жобаларды басқарды. Бұл тәсіл Қазақстан ғылымының экономикалық дамуға тікелей үлес қосуына мүмкіндік берді. Ол өз ісіне деген адалдығымен, білімімен және еңбекқорлығымен барлық қызметтестері мен шәкірттеріне үлгі болды. Оның өмірлік ұстанымы - тек ғылыми жаңалықтар ашу ғана емес, сонымен бірге оның нәтижелерін ұлт игілігіне жарату болды. Евней Бөкетовтің тұлғалық қасиеттері, оның қарапайымдылығы мен дархандығы, асқан интеллектісімен ұштасып, оны замандастарының арасында ерекшелендірді. Сан ғасырлар бойы ел мен елді біріктірген мағлұмат саласы сияқты, ғылым мен білімнің мағлұмат саласын қалыптастырды. Бөкетовтің өмірі - ғылымға деген шексіз құрметтің, өмірге деген позитивті көзқарастың және адамгершілік қасиеттерді жоғары қоюдың жарқын көрінісі. Ол ғылымның этикалық және моральдық жақтарына да үлкен мән берді.

Евней Арыстанұлы Бөкетов - Қазақстан тарихындағы маңызы ерекше, ғылым, білім және руханият салаларында өшпес із қалдырған ұлы тұлға. Оның еңбектері сирек элементтер химиясының дамуына, оның ішінде ванадий мен молибденді өндірудегі инновациялық гидрометаллургиялық әдістері, Қарағанды мемлекеттік университетінің қалыптасуына және ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей ықпал етті. Ол өзінің өмір жолымен ғылым мен білімнің, өндіріс пен мәдениеттің бір-бірімен

тығыз байланысты болуы керектігін дәлелдеді. Бөкетовтің ғылыми мектебі, оның ізденістері мен ағартушылық қызметі - бүгінгі жас ұрпаққа үлгі, тарихи жетістік. Ол - өз елінің өркендеуі үшін еңбек еткен, ұлағатты ұлы тұлға. Евней Бөкетовтің мұрасы - Қазақстанның ғылыми-техникалық және рухани дамуының негізі. Оның есімімен аталған университет, ғылыми еңбектері мен адами қасиеттері мәңгілік мұра болып қалады. Оның өмір жолы - адалдық пен біліктіліктің, еңбекқорлық пен патриоттықтың жарқын үлгісі. Оның еңбегінің нәтижесінде, Орталық Қазақстан ірі ғылыми орталыққа айналды, бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор серпін берді. Біздің қазіргі міндетіміз - оның ғылыми мұрасын зерттеп, оны жаңа технологиялық талаптарға сай дамыту, терең түсіну және оны келер ұрпаққа жеткізу. Оның өмірі - болашақта әлемдік ғылым мен экономикада Қазақстанның орны күшейе түсуіне негіз бола алатын үлгі. Өткенді саралап, мәні мен мағынасын, келер ұрпаққа жеткізу баршамыздың қасиетті борышымыз!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қалдырған ізі мәңгілік: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Естелік кітабы = Вечно имя доброе...: Книга памяти Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова / под ред. Н.О. Дулатбекова, чл.-корр. НАН РК, д-ра юрид. наук, проф. - Қарағанды: KARAGANDA BUKETOV UNIVERSITY баспасы, 2021. - 540 б.
2. Болмысы бөлек Бөкетов: Академик Е.А. Бөкетовтің 100 жылдығына орай құрастырылған естеліктер жинағы / ҚР ҰҒА академигі, заң ғыл. д-ры, проф. Н.О. Дулатбековтің ред.; [авт. шығ. ұжымы: Е.Е. Түйте, К.Д. Асанов т.б.]. - Қарағанды: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2025. - 420 б. - Қазақша, орысша.
3. Серсеке М. Евней БӨКЕТОВ: ғұмырнамалық деректі хикаят. - Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2005. - 504 бет + 16 бет суреттер.
4. Евней Бөкетов туралы лебіздер мен пікірлер: Мақалалар, очерктер, естеліктер / Құраст. К. Бөкетов. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. - 237 бет.

### **РОЛЬ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА В РАЗВИТИИ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА**

**Исаев И.Б.**

Научный руководитель: PhD, ассистент профессора Мейрамбеков А.К.

ҚарНИУ им. Е.А. Букетов

isaev3435@gmail.com

г. Караганда

Евней Арстанович Букетов (1925-1983) известен прежде всего как выдающийся ученый в области химии и металлургии, академик Академии наук Казахской ССР, основатель научной школы в области химии цветных и редких металлов. Однако значительно менее изученным остается его вклад в гуманитарную сферу, в частности, в развитие исторической науки и исторического сознания казахстанского общества. В 2025 году, когда научная общественность отмечает столетие со дня рождения академика, актуальным представляется комплексный анализ его деятельности в области гуманитарных наук [1].

Роль Букетова в развитии исторической науки Казахстана была опосредованной, но чрезвычайно значимой. Она реализовалась через несколько взаимосвязанных направлений: литературно-критическую деятельность, посвященную выдающимся историческим личностям Казахстана; создание институциональных условий для развития гуманитарного образования; формирование исторического сознания через популяризацию научного знания.

Литературно-критическое наследие Букетова включает около 30 работ, значительная часть которых посвящена анализу творчества и биографий исторических деятелей казахской культуры. Особое место в его творчестве занимает очерк «Святое дело Чокана», опубликованный в 1984 году и посвященный Чокану Валиханову, одному из первых казахских ученых-востоковедов XIX века [2]. В этой работе Букетов не просто излагает биографические факты, но проводит глубокий анализ исторического контекста формирования личности Валиханова, его роли в развитии казахской интеллигенции и научной мысли. Автор показывает, как Валиханов, будучи продуктом своего времени, смог внести неопределимый вклад в изучение истории, этнографии и культуры народов Центральной Азии.